

**"Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарының тіркеуін өткізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімінің 2009 жылғы 2 желтоқсандағы № 15 шешімі. Қостанай облысы Алтынсарин ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 5 қаңтарда № 9-5-99 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабына сәйкес, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 17 бабының 3-тармағын іске асыру  
м а қ с а т ы н д а **Ш Е Ш Т І М :**

1. 2010 жылдың қаңтар-наурызында "Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарының тіркеуін өткізуі ұйымдастырылсын және қ а м т а м а с ы з е т і л с і н .

2. Селолық округтер, селолар әкімдері тіркеуді өткізу кезеңінде "Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне шақырылушыларды хабардар етуді және олардың уақытында келуін ұйымдастырсын және қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. "Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігі Қостанай облысы ішкі істер Департаментінің Алтынсарин ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) тіркеу жүргізу кезеңінде "Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне медициналық және тіркеу комиссиясынан өту кезеңінде олардың арасында қоғамдық тәртіпті сақтау үшін екі полиция қызметкерін бөлу ұсынылсын.

4. "Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) "Алтынсарин ауданы әкімдігінің білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірлесіп тіркеу өткізу кезеңінде:

1) әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеудегі тапсырманы оқу мекемелеріне ж е т к і з у ;

бастапқы әскери даярлаудың оқытушы - ұйымдастырушыларын әскери-оқу орындары жөніндегі анықтамалық материалдармен қамтамасыз ету; тіркеу уақытында әскери-оқу орнына түсудегі әскери-кәсіптік бағдарлау мақсатында әскерге шақырушылардың әрқайсысымен жеке әңгімелесу өткізу ұсынылсын.

5. "Алтынсарин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі 2010 жылға

арналған көзделген қаражаттар шегінде "Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің бірінші орынбасары міндетін атқарушы *А.А. Кенжеғаринге* жүктелсін.

7. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап болған қатынастарға таратылады.

*А л т ы н с а р и н*

*ауданының әкімі*  
*КЕЛІСІЛДІ*

*А. Бондаренко*

*"Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*Д. Айсин*

*"Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Қостанай облысы ішкі істер Департаментінің Алтынсарин ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*Б. Шубаев*

*"Қостанай облысы әкімдігінің Қостанай облысы денсаулық сақтау басқармасының Алтынсарин аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының бас дәрігері*

*Ж. Қуанова*